В АО «НК «ҚТЖ» ОБСУДИЛИ МЕРОПРИЯТИЯ ПО ВЫВОДУ НЕПРОФИЛЬНЫХ ВИДОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ 3 стр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№51 (2559) 10/07/2020 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙЕКСӨЗ

**Серік ӘБДЕНОВ,**

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ HR ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ:**

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ АЛДЫМЕН ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ЖҮК ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫН ДАМЫТУҒА, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ БАСҚАРУ ІСІНЕ БАСТЫ НАЗАР БӨЛУ КЕРЕК. АЛАЙДА, КЕЙБІР ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА ШЫҒАРЫЛЫП ЖАТҚАН ФИЛИАЛДАР МЕН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ТАБЫСЫ МЕН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ БАСШЫЛЫҚ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ.**

АҚПАРАТ

## ТҮРКІСТАНҒА ТАСЫМАЛДАУДА

**«KTZ Express» компаниясы Түркістан қаласында жаңа халықаралық әуежай салу үшін Түркиядан құрылыс материалдарының тасымалын ұйымдастырып отыр.**

Бүгінгі күнге дейін 14 қырықфутты контейнер тасымалданса, тағы екеуі жолда келе жатқан көрінеді. Контейнерлерге түрлі құрылыс материалдары, соның ішінде, нәзік жүк болып табылатын шыны әйнектер тиелген. Түркиядан жүк тасымалы Грузияның Гардабани, Әзербайжанның Беюк Кясик арқылы Ақтау портына, одан ары қарай Түркістанға ұйымдастырылған. KTZ Express құрылыс материалдарының құрылыс басына уақытылы жеткізілуіне мүдделілік танытып отыр.

Еске сала кетсек, өткен жылы облыс орталығы болған Түркістан қаласында бүгінде қызу құрылыс жүріп жатыр. Жаңа әуежайды түрік инвесторлары – YDA Holding компаниясы жүргізуде. Әуежай халықаралық стандарттарға сай жобаланып, заманауи құрылыс технологияларын пайдалана отырып салынуда.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## СУ КӨЛІГІНДЕ ДЕ ӨСІМ БАР

**Қазақстанның жалғыз су көлігі жолы Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдау жыл сайын жандана түсуде. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында теңіз порттары арқылы 3 млн тонна жүк ауыстырып тиелді.**

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішпен бірдей. Сондай-ақ контейнерлерді ауыстырып тиеуде оң динамика сақталуда, көрсеткіштер 16%-ға өсіп, 13 867 бірлікті құрады. Есепті кезеңде отандық сауда флотымен Каспий теңізіндегі порттар арасында 1,14 млн тонна жүк тасымалданды, оның ішінде 6 538 бірлік контейнер Ақтау – Баку фидер желісі бойынша жөнелтілген.

Жыл басынан бергі 6 айда ішкі су жолдары бойынша тасымалдау көлемі 191,5 мың тоннаны құрады, оның ішінде 97,9 мың тонна Ресей бағытында болған.

Шлюздерді күрделі жөндеу шеңберінде ауданы 5 813 м$^2$ темір-бетон құрылымдарына жөндеу жүргізілді. Каспий бағытындағы әлеуетті одан әрі арттыру жөнінен жаңа теңіз бағыттарын ашу, Ақтау теңіз портында контейнерлік хаб құру, экспорттық жүктердің бір бөлігін Құрық портына қайта бағдарлау жұмыстары пысықталуда. Ішкі су жолдарында кеме қатынасын дамыту мақсатында қазіргі уақытта тиісті тұжырымдаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

*Ұлан ОРАЗ*

ТРАНЗИТ



# ИЗ КИТАЯ В ТУРЦИЮ ЗА 10 ДНЕЙ

Дочерней организацией АО «НК «Қазақстан темір жолы» – АО «KTZ Express» организована отправка очередного контейнерного поезда из Китая в Турцию через Казахстан за рекордно короткие сроки.

**Алуа ТЛЕУБАЕВА**

KTZ Express совместно с «ADY Контейнер» (Азербайджан), GR Logistics (Грузия) и Pasifik Eurasia Logistics (Турция) организована отправка очередного контейнерного поезда из Китая в Турцию по Транскаспийскому маршруту транзитом через Казахстан.

Поезд, состоящий из 43 сорокафутовых контейнеров, с различными грузами прибыл на территорию Казахстана через станцию Алтынколь. Далее на фидерном судне Beket-Ata груз был доставлен из порта Актау в азербайджанский порт Алят, откуда он отправился на грузинскую станцию Ахалкалаки и далее в турецкий город Измит.

Общее время в пути следования составило 14 дней. Примечательно, что маршрут от станции Алтынколь до станции Ахалкалаки поезд преодолел за рекордные 10 дней.

Несмотря на некоторые ограничения в связи с эпидемиологической ситуацией, перевозка грузов по Транскаспийскому международному транспортному маршруту осуществляется бесперебойно с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических норм.

Участники отправки отмечают, что организация данного контейнерного поезда является примером стратегического сотрудничества железнодорожных администраций нескольких стран.

*Фото автора*

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

# ҚҰРЫҚТЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Еліміздің екінші порты – Құрық арқылы кемелермен жүк жіберу және қабылдауда Құрық порты станциясы теміржолшыларының атқарып жатқан еңбегі зор. Мұнда қазір штатта 65 адам еңбек етіп, порт арқылы шетелдерге, атап айтқанда, Әзербайжан арқылы Түркия, Иран, Грузия, Украина елдеріне жүк тасымалын ұйымдастыруда.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Маңғыстауда 2015 жылы салынған Боржақты-Ерсай теміржолы осы портқа келіп тіреледі. Жалпы бұл – осы порт арқылы импорттық және экспорттық жүк тасымалын ұйымдастыру үшін салынған жол. Портқа келетін жүктер Құрық порты станциясының А және Б паркіндегі барлығы 12 жолда қабылданып, жөнелтіледі.

Станция бастығы Сұлтанмұрат Тұрғанбаевтың айтуынша, карантин кезінде де станциядағы жүк айналымы тоқтаған жоқ. Барлық сақтық шараларын жасай отыра, олар қозғалыстың тоқтамауы үшін жұмыс істеуде.

– Станцияда 5 кезекші, 32 пойыз құрастырушы, 9 транзит бойынша агент, 5 жүк қабылдап алушы, 5 жүк жөнелтуші, 5 тауар кассирі бар. Олар бір ауысымда 16 адамнан бөлініп жұмыс істейді. Карантинге дейін бұрын вагондар құжаттарын техкеңсе операторы кемеге кіріп, сонда шетелдік әріптестермен бірге комиссияға қатысатын. Ал қазір екі жақ та бір-біріне жақын келмей, айналым құжаттарын тек сөмкеге салып жіберіп, солай қабылдап алып отыр. Бұл адамдарымыздың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін аса маңызды, – дейді станция бастығы.

Портқа кемемен келетін жүктердің ішінде ең көп кездесетіні тауық еті, дәрі-дәрмектер, азық-түлік, Түркиядан киім-кешек, кондитерлік өнімдер екен. Ал елімізден жөнелтілетін және транзиттік жүктер қатарында Атырауда мұнай кәсіпорындарынан шығатын параксилол Грузияға жиі тасымалданады. Қытайдан томат пастасы, тағы басқа азық-түлік түрлері жіберіледі. Астық өнімдерінің тасымалы күзде басталады.

Құрық порты арқылы жүк тасымалы біршама артқаны байқалады. Биыл өткен 6 ай ішінде мұндағы жүк айналымы импорт пен экспортты қоса алғанда 10771 вагонды, яғни 656 729,368 тоннаны құрады. Сонымен қатар осы көрсеткіштің ішінде экспорттық жүктердің көлемі басымдау болып, 5738 вагонды құраған.

Төтенше жағдай кезінде Қазақстанның теңіз порттары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Еске салай кетейік, осы жылдың бірінші тоқсанында Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы 1,6 млн тоннадан астам жүк тасымалданды. Осы кезеңде Құрық портында шамамен 1700 жүк көлігі ауыстырып тиелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 31% артық.

*Суретті түсірген автор*

ИТОГИ

# ПРИРОСТ ГРУЗООБОРОТА

Несмотря на карантинные ограничения, повлиявшие на работу предприятий и объектов торговли по всему Казахстану, а также сокращение внешней торговли, грузооборот казахстанского железнодорожного транспорта вырос. По данным Комитета по статистике, в январе – мае 2020 года в стране по железной дороге перевезено 118,8 миллиарда тонно-километров.

**Асель ШАЙХЫНОВА**

По сравнению с аналогичным периодом 2019 года объем вырос на 3,4%. Общий объем грузоперевозок всеми видами транспорта по итогам 5 месяцев составил 229,5 миллиарда тонно-километров, уменьшившись за год на 2,9%. Таким образом, на долю железнодорожного транспорта пришелся 51,8% от общего объема.

При этом наибольший прирост грузооборота произошел в городах республиканского значения. В Алматы показатель вырос на 51,7% (до 4,8 миллиарда тонно-километров), в Нур-Султане – на 62,7% (до 11 миллиардов тонно-километров), в Шымкенте – на 91,3% (до 3,1 миллиарда тонно-километров).

Однако, по словам специалистов Комитета по статистике, сразу в девяти регионах показатели оказались ниже прошлогодних.

Сильнее всего грузооборот упал в Западно-Казахстанской области – до 26,3% от уровня января – мая 2019 года. В Мангистауской области показатель составляет 65,9%, в Алматинской – 67,4%, Туркестанской – 67,9%.

Также обращает на себя внимание сокращение показателей Карагандинской области – этот регион является лидером по грузообороту (свою роль играют и выгодное географическое положение, и большая территория, и развитая промышленность). За год показатель немного, но все же упал – на 0,6%, до 16,1 миллиарда тонно-километров.

Если говорить только о весе перевезенных грузов (и не учитывать расстояние, на которое они доставляются), объем составил 164,1 миллиона тонн. И это также рост – по сравнению с январем – маем 2019 года показатель увеличился на 3%. В разрезе регионов ситуация, схожая с грузооборотом: наибольший рост в городах-миллиониках, наибольшее снижение – на западе республики.

Нарастив показатели в перевозке грузов, железная дорога потеряла в перевозке пассажиров.

По итогам пяти месяцев число пассажиров составило 5 миллионов 051,1 тысячи человек – это лишь 58,2% от уровня за аналогичный период предыдущего года. Объем в январе – мае составил 3,76 миллиона пассажиро-километров. При этом 44% всех перевезенных пассажиров приходится на Нур-Султан – с начала года 2,25 миллиона человек. Впрочем, это на четверть меньше показателей января – мая 2019 года.

НОВОСТИ

## ДВИЖЕНИЕ ПРИОСТАНОВЛЕНО

**С 8 июля текущего года в связи со вспышкой коронавирусной инфекции временно приостанавливается прибытие и отправление пассажирских поездов и беспересадочных вагонов по станции Атырау.**

Такие меры приняты АО «Пассажирские перевозки» в соответствии с решением Государственной комиссии РК от 2 июля 2020 года, постановлением главного государственного санитарного врача РК № 44 от 3 июля 2020 года и на основании письма Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК.

Таким образом, с 8 июля и до отмены этого решения приостанавливается отправление поездов № 41/42 Атырау – Алматы-1, № 313/314 Атырау – Мангистау и № 692/691 Актобе – Атырау, а также беспересадочных вагонов Алматы-2 – Кульсары, курсирующих в составах пассажирских поездов № 77/78 Алматы-2 – Мангистау и № 313/314 Атырау – Мангистау.

Пассажиры, ранее оформившие проездные документы на указанные поезда, могут оформить их возврат и получить денежные средства в полном объеме без удержаний. Возврат платежей за билеты производится наличным и безналичным расчетом в зависимости от порядка возврата и способа приобретения билета, отметили в пресс-службе АО «Пассажирские перевозки».

Всю справочную информацию по графику движения пассажирских поездов можно узнавать по номеру 105.

Национальный перевозчик призвал пассажиров отнестись с пониманием к принимаемым мерам и соблюдать санитарно-эпидемиологические требования в период распространения коронавирусной пандемии.

*Роман ЛЮБИМОВ*

## ОБНОВИЛИ РЕКОРД

**Объем контейнерных перевозок на транзитных сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» в июне впервые превысил 52 тысячи ДФЭ. Этот показатель стал очередным абсолютным рекордом по объемам евразийских транзитных контейнерных перевозок за месяц.**

Объемы контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай в июне превысили прошлогодний аналогичный показатель в два раза. Вдвое выросла и перевозка груженых контейнеров в направлении Китая – до 15 тысяч ДФЭ за июнь. В направлении Европы проследовало 34 тысячи ДФЭ груженых контейнеров, рост – в 2,2 раза.

Суммарный объем перевозок на сервисах ОТЛК ЕРА за первое полугодие 2020 года составил 223 тысячи ДФЭ, демонстрируя рост к отчетному периоду прошлого года на 65%.

– Достижение и даже превышение показателя объема перевозок на транзитных контейнерных сервисах в 50 тысяч ДФЭ в месяц – важный рубеж, к которому мы давно шли. Уже в мае зафиксирован объем перевозок в 49 тысяч ДФЭ, и, несмотря на напряженный июнь, высокая мотивация и тесное взаимодействие с партнерами и клиентами привели к заданной цели, – прокомментировал очередной рекорд генеральный директор ОТЛК ЕРА Алексей Гром.

Он добавил, что совместные действия акционеров обеспечили высокую скорость перевозок и минимум технологических задержек на всем протяжении маршрута по колее 1520 миллиметров. Ежесуточно на инфраструктуре в сервисах ОТЛК ЕРА находилось более 100 поездов, а общий парк вагонов в управлении компании уже достиг без малого 7 тысяч единиц.

*Любовь РОВБА*

БҮГІНГІ САН

**ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БЕС АЙЫНДА ЖҮК АЙНАЛЫМЫ КӨЛЕМІ ӨТКЕН ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА**

**3,4% ӨСКЕН**

ЖАҢАЛЫҚТАР

# КАРАНТИН ТАҒЫ ҰЗАРТЫЛДЫ

**Елімізді жайлап бара жатқан коронавирус індетінің өршу қаупіне орай карантин тағы 14 күнге ұзартылды.**

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Атырау телімі басшысы Ә.Есқалиевтің айтуынша, осыған орай, Атырау вокзалынан Маңғыстауға шығатын пойызға, Маңғыстау облысынан Маңғыстау-Ақтөбе және Маңғыстау-Нұр-Сұлтан бағытындағы жолаушылар пойызына Құлсары теміржол вокзалынан жолаушылар дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы немесе медициналық-емдеу орталықтарының шақырту қағазымен ғана отырғызылып, түсіріледі. Бұл тәртіп Құлсарыдан Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Маңғыстау бағытына жүретін жолаушылар үшін де қолданылады. Сол секілді 8 шілдеден бастап Атырау-Нұр-Сұлтан пойызы да жүруін тоқтатты. Соған сәйкес, жолаушылар 15 шілдеге дейін алынған жол жүру билеттерін қайта тапсыруына тура келеді, билет құны толық қайтарылады.

Осыдан тоғыз жыл бұрын Атырауды Елордамен байланыстыратын «Каспий» пойызы ашылған. Бұрынғы пойыздар екі аралықта 42 сағат жүрген болса, жаңа пойыз 32 сағатта жүріп өтеді. Бүгінде «фирмалық пойыз» статусын алған пойыздың өндірісті, индустриялық мұнайлы аймақ үшін маңызы ерекше.

Сондықтан, атыраулықтар жоғарыда айтылған Тальго пойызы тоқтаса да күнара жүретін «Каспийдің» тоқтамауына мүдделі.

*Еділ ЕРМЕК, Атырау*

# ПОЙЫЗДАР КІДІРІСІНЕ НЕ СЕБЕП?

**Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімі ұсынған мәліметке сенсек, жыл басынан бері 841 пойыздың кешігу оқиғасы тіркелген. Соның ішінде НЖС-9 бойынша 323 пойыз анықталды.**

Жалпы санына келсек, 264 – жолаушылар, 54 – жүк, 5 – қала маңы пойыздары құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырып қарағанда, Шымкент магистральдық желі бөлімшесі бойынша пойыздардың кідіру оқиғасы 105-ке ұлғайған. НОД-тың кінәсінен 518 пойыз кешіктірілген. Мұның себебін мамандар өндіріске заманауи МДК вагондарының енгізілуімен байланысты болып отыр деп түсіндіреді. МДК – жаңа технологиямен жабдықталған мобильді диагностикалық кешен. Жолдарды тексергенде нормадан тыс ауытқулар саны көбейіп кеткендіктен, жылдамдықты шектеуге тура келген. Салдарынан пойыздардың тоқтап қалуы жиілей түскен.

Сонымен қатар, жол дистанцияларында пойыздар ұзақ мерзімді қолданыста себепті ескертулердің, толаскезде жасалатын жұмыстар мен рельс шынжырларының зақымдануынан, жолға адам мен малдың шығып қалуынан да жиі кідіріп, тұрып қалатыны жасырын емес.

Наурыз-сәуір айларында жолдарды жөндеу үшін РМ, Дуомат, ПРБ, ПРСМ ауыр типті машиналары келіп жұмыс істеген. Сол кезде де пойыздар кідірісі орын алған. Белгі беру-байланыс дистанциялары бойынша да бағыттамалардың, рельс тізбегінің жөндеуге келмеуі, аккумуляторлардың қолды болуынан және т.б. себептермен кешіккен пойыздар да жоқ емес. Таратып айтсақ, ПЧ-53 бойынша – 288 пойыз, ПЧ-54 – 22 пойыз, ШЧ-37 – 1 пойыз, ШЧ-38 – 8 пойыз, ЭЧ-24 – 4 пойыздың түрлі жағдайлармен кешігуіне себепкер болған.

*Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент*

# БОС СӨЗ БОЛМАУ КЕРЕК



**Тоғыз жолдың торабы саналатын Арыс қаласында барлық теміржол мекемелері орналасқан. Орта Азиядағы ең ірі тораптық станцияның бірі саналатын Арыста 106 (!) жол бар. Осыдан-ақ, оның ауқымдылығын, жұмысының күрделілігін байқай беріңіз...**

Арыс-Шымкент, Арыс-Түркістан, Арыс-Ташкент бағытында пойыздар ерсілі-қарсылы жөңкіп жатқан станцияда қауіп-қатер аса маңызды. Әрбір теміржолшы күнделікті жұмыс алдында мақсатты нұсқамадан өтіп, жұмыс барысында теміржолшыларға қызметтік өтпелерді пайдалану міндеттелген.

Теміржолдың бойы аса қауіпті аймаққа жататынын ғасырдан асатын тарихы бар Арыстың халқы түсінсе керек. Бірақ, өкінішке орай, олай болмай тұр. Тұрғындардың кейбірі байқаусызда пойыз астына түсіп қалса, енді бірі мұндайға саналы түрде барады. Жол бойындағы бақытсыз оқиғалар көбіне азаматтардың масаң күйде жолды кесіп өтуі кезінде болып жататыны да жасырын емес. Алайда адамдар теміржолдан арнайы рұқсат етілетін жерден ғана өтуі тиіс деген тәртіпке бәрі бірдей бағына бермейді. Қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін теміржолшылар әскерилендірілген күзет, желілік полиция бөлімімен бірлесе отырып, түрлі шаралар ұйымдастырып, рейдтер өткізуді тұрақты жүргізеді.

«Арыс станциясында қайғылы жағдай орын алған емес, болмай-ақ та қойсын. Адамдар қарапайым ережелер мен қағиданы ұстанса болды ғой. Бағдаршамның қызыл түсі жанғанына қарамастан, вагондардың астынан өте салатын, автосцепка үстінен секіріп жататын адамдар болады. Өз өмірімен ойнайды солай. Бұл өте қауіпті. Электрлендірілген жолдардағы тіректерге көтерілуге, жерде жатқан электр сымына 8 метр жақындамауға, рельс үстіне отырмау, бағыттамалы бұрма мен рельстің арасына тұрмау, теміржолға қауіпті заттарды лақтырып кете салмай, тазалықты сақтаса, ешқандай да қауіпті оқиғалар болмайды, сол енді қиын ба?!», – дейді Арыс станциясының еңбек қорғау инженері Базаркүл Махметова.

Арыс станциясының теміржолшылары қауіпсіздікке үндейтін ескерту плакаттарын көрнекі жерлерге іліп қойған. Екі адамның бірі назар салып, сақтық шарасын жасаса, біздің жұмысымыз нәтижелі болмақ. Себебі, күнделікті өмірі станциямен, теміржолмен тығыз байланысып кеткен арыстықтар үшін қауіпсіздік жалаң сөз болмауы керек дейді олар.

Сонымен қатар, азаматтардың белгіленген жерден өтпегені үшін ЖПБ қызметкерлері ҚР Кодексінің 559-бабына сәйкес құқық бұзушыны жауапқа тартатынын да ескертеді.

*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Арыс*
*Суретті түсірген автор*

АҒЫМДЫҚ КҮТІМ

# БЕЛКӨЛДЕ БАҒДАРШАМДАР ТЕКСЕРІЛУДЕ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары байланыс құрылғыларының ағымдық күтімін кәсіби дәрежеде жасап, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруға өзіндік үлес қосуда.




**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Дистанцияның Белкөл бекетіндегі қосынның теміржолшылары бағдаршамдарды тексеруді бастады. Құрылғыларға технологиялық күтім жасау жұмысын басқарып жүрген электромеханик Нұрлан Жұманов электромеханиктер Ғани Бекішов пен Нұрлыбек Аманкелдиевтермен бірге бекет жолындағы жарықдиодты 161-бағдаршамның жұмыс жасауын тексеріп, кемкетігін қалыпқа келтіруден бастады.

– Бұған дейін линзалы бағдаршам болып жұмыс жасаған 161-бағдаршамның диодты жарық беру моделіне ауыстырылғанына көп уақыт өткен жоқ. Бүгін бағдаршамның жарық беруін, ішкі-сыртқы тазалығын, бағдаршам астындағы стаканының халін, ішкі тетіктердің бекітілуін тексеруден өткіздік. Әзірге бағдаршамның жұмысында кемшілік жоқ. Сонда да кестеге сай техникалық күтім жасау – міндетіміз. Бағдаршамдар әрбір 3 ай сайын, бағдаршам астындағы стаканы 6 айда бір рет тексеруден өткізіліп, ағымдық күтім жасалады. Бүгін кезекті күтім жұмысын жасадық. Қазіргі таңда бекетте жаңа МП АСДЦ құрылғысының орналастырылуына байланысты әрбір құрылғының жұмысы қатаң бақылауда тұрады. Ақау анықталған бойда құрылғының кемшілігі орнына келтіріледі, – деді технологиялық күтім жасау жұмысын басқарып жүрген Нұрлан Жұманов.

Құрылғыларға кесте бойынша күтім жасау кезінде ақаулы бөлшектер жаңартылып, құрылғы тетіктері қатаң тексеруге алынып, бақылаудан өткізіледі. Технологиялық талапқа сай күтімнен өткізілген байланыс нысандарының маусым айында жұмыстан тыс қалып, қозғалысқа кедергі болған жағдайы тіркелмеген. Бағдаршамдарға күтім жасау жұмысы жалғасуда.

*Суретті түсірген автор*

ТАСЫМАЛ

# ЖҮК АЙНАЛЫМЫ ЖОСПАРҒА САЙ



Ағымдағы жылдың алғашқы алты айында Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша жүк айналымы 4 млн 664 мың тоннаны құрап, жоспар 100,6 пайыз немесе 54 мың тоннаға артығымен орындалып, межеден асып түсті.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Жарты жылда бөлімше бойынша жалпы тасымалда жоспардағы 95758 вагон орнына, барлығы 97092 вагон пайдаланылған болса (101,6%), оның 6432-сі «КТТ» АҚ, қалған 90651 вагон өзге меншік иелері мен жалға алушылардікі. Аталған мерзімде жүк тиелген 97092 вагонды таратар болсақ, экспортқа – 66459 вагон, 3-ші елдерге – 45905 вагон, ТМД елдеріне 20554 вагон, ҚР – 30633 вагон жүк тиелген. Жүк тиеу бағытында техникалық жоспар мынадай жүктермен орындалған: мұнай өнімдері - 103,1%, қара металл сынықтары – 93,2%, құрылыс жүктері – 74,2%, химикат пен сода – 102,0%, т.б. Жалпы, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жүк тиеу 139,0 мың тоннаға өскен, яғни, тасымал көлемінің 2,7 пайызға артқаны байқалады. Байқағанымыздай, пандемияға қарамастан өңірде жүк тиеу көлемі жақсарып келеді.

Жүк түсіру көлемі де жаман емес. Мысалы, 6 айға орташа тәуліктік жоспар 431 вагон болса, нақтысы 400 вагонды құрады. Яғни, орындалуы 92,8%. Жергілікті жүктің аздығынан 31 вагонға кем түсті. Жоспар 3 млн 986,5 мың тонна болса, нақты тиелгені 2 млн 439,9 мың тонна. Жүк тиеу көлемінің азаюына жүк жөнелтушілердің жүк тиеуден бас тартуы себеп болған, өйткені сатып алушылардың төлем қабілетсіздігі мен өнімнің болмай қалуы орын алды. Мәселен, бір ғана «Теңізшевройл» ЖШС 2723 вагон, 95305 тонна пропан-бутан және 3443 вагон, 227238 тонна химикаттар жібере алмаған. Түрлі жағдайлармен жүк тиемеген аймақтағы осындай ірі газ-мұнай-компаниялары бірнешеу.

Сонымен қатар, 16 наурыз бен 7 сәуір аралығында «Атырау мұнай өңдеу зауытының» ашық мұнай өңдеу қондырғысы жоспарлы жөндеуге тұрса, «Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.» компаниясының газ тазалау қондырғысы да 20 мамырдан маусым айының соңына дейін жөндеуге тұрып қалды.

Жүк тиеу бойынша тәуліктік 526 вагон орнына 533 вагон болып, жоспар 101,3 пайызға жетті. Жергілікті вагон айналымы да жаман емес, 322 вагон орнына 341 вагон болып, жоспар 105,9% болды. Бүгінде бөлімшеде жүк операциялары үшін ашық 11 станция болса, олардың бәрінде логистикамен айналысатын мамандар бар. Мамандар жергілікті жерде, станция басында барлық құжаттарыңызды рәсімдеп береді. Бұл жұмыстардың біртіндеп электронды түрге көшуі және мамандардың жаңаша көзқарасы тасымал тасқынын артуға сәл де болса себепші екені анық. Екі жағдайда да уақыт үнемдуге көп маңыз беріледі.

– Бүгінде Атырау өңірінде бірнеше индустриалды-инновациялық жобалар жүзеге асырылып отыр, олардың көлік логистикасын дамытуға әсері зор болмақ. Мәселен, Біріктірілген Газхимиялық кешенінің жобасы 2018 жылдың аяғына қарай тапсырылды. Кешенді зауытты іске қосқан кезден бастап бірінші кезеңінде жылына 500 000 тонна полипропилен өндірілді. Теңіз кенішінен зауытқа газ жеткізу үшін тәулігіне 60 цистерна мен 20 тонналық 70 контейнер және 40 фитингілік платформа қажет. Екінші жоба – Химиялық зауытты қайта жаңарту. Былтырдан бастап Атырау мұнай өңдеу зауыты жаңа өнім – параксилол шығарады, оны Ресей мен Белоруссияға жөнелту үшін тәулігіне 20 футтық 110 контейнер қажет. Атырау мұнай өңдеу зауыты қайта жаңартудан өткеннен кейін бензол, параксилол, автобензин, дизотын, реактивті отын шығару көлемін арттыруына орай Ақжайық станциясы арқылы жылына 50 мыңдай ашық түсті цистерналар пайдаланылады. Ал Қашаған кен орны жұмысына байланысты Қарабатан станциясынан 60 жартылай вагондар мен 40 футтық контейнерлер экспортқа жіберіледі. Міне, осы жобалар өңірдегі теміржол тасымалына үлкен серпін беруде, – дейді Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бастығының логистика және жүк тасымалы бойынша орынбасары Аслан Базарғалиев.

Әлемдік экономиканың құлдырауы, мұнай бағасының төмендеп, сұраныстың азайып кетуіне қарамастан бөлімшеде жүк айналымы жоспарға сай, жақсы қарқынмен келе жатқаны, әрине көңіл көншітеді.

*Суретті түсірген автор*

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# ҚАУІПСІЗДІК СЕНІҢ ҚОЛЫҢДА, ВАГОН ҚАРАУШЫ...

Биылғы жыл Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша «Қозғалыс қауіпсіздігі ақаулықтарының алдын алу жылы» деп жарияланған. Қозғалыс қауіпсіздігі ақаулықтарының алдын алу дегеніміз не? Ол – пойыздардың теміржолмен кедергісіз қозғалып, барар жеріне қауіпсіз жетуі. Ал бұл жерде ең алдымен вагон қараушылардың еңбегі орасан болмақ.



**Шахида ЖҰМАН,**
*Маңғыстау*

Осы жауапкершілікті жете сезінген маңғыстаулық вагон қараушылар елдегі індет жағдайында да құрал-саймандарын асынып, жұмыс орнынан табылуда. Әрбір өткен пойыз құрамдарын мұқият тексеріп, тіпті қырағылықты бұрынғыдан да арттырған. Аймақта бұған дейін де «Бүйірлік рамаларға бақылау» айлығы аясында бүйір рамаларынан түрлі деңгейдегі талай ақауды анықтап, қауіптің бетін қайтарған. Төрт айға созылған айлық 23 сәуірде аяқталды.

– Сәуір, мамыр, маусым айларында Маңғыстау вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушылары қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі келтіретін 5 ақаулықты тапты. Олар жол қозғалысына аса қауіпті, ірі көлемді апатқа соқтыруы мүмкін болатындай ақаулар еді. Вагонның жұп доңғалақтарының, автотіркегіштерден түрлі деңгейдегі кемшіліктер анықталды. Бұл – екінші тоқсан ішінде кездескен жағдай. Ал бірінші тоқсанда «Бүйірлік рамаларға бақылау» айлығы кезінде табылған ақаулықтар тіркелді. Өздеріңізге белгілі, айлық 2019 жылдың 23 желтоқсанынан биылғы 23 сәуір аралығында өтті. Бұл уақыт ішінде Маңғыстау бойынша барлығы 30 ақау анықталып, соның ішінде 14 ақауды Маңғыстау станциясындағы ТҚКП-нің вагон қараушылары тапты. 2 вагон қараушы екі ақаулықтан анықтады. Сонымен өткен жарты жылда біздің вагон қараушыларымыз біраз қауіп-қатердің алдын алды. Ал біз ондай мамандарымызбен мақтанамыз және еңбектерін ескеріп, марапатқа ұсындық, – дейді Маңғыстау станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінің бастығы Ерболат Сәулебаев.

ТҚКП бастығының сөзінше ағымдағы жылдың жарты жылы ішінде «Бұрандасыз жалғанатын тежегіш қондырғыларына ерекше назар» онкүндігі де өткізілген. Онкүндікте де жоспарға сай бірталай жұмыстар атқарылған. Ең бастысы, былтырғы межелі мерзіммен салыстырғанда биылғы жыл вагондарда кездесетін ақаулықтар айтарлықтай азайған. Дегенмен солай екен деп арқасын кеңге салып отырған вагон қараушы жоқ. Әлемді жаулаған қазіргі пандемияға қарамастан әркім өз міндетін орындап, бос уақытында білімін жетілдіріп, кезекшілікке түсерде, ауысымнан шығарда денсаулығын тексертіп, жұмысын жалғастыруда. Сақтық шаралары үшін қажетті қызу өлшегіш құрал, антисептик, қолғап, бетперделер қарастырылған.

*Суретті түсірген автор*

АКТУАЛЬНО

# ПОВЫШАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Мероприятия по выводу отдельных видов деятельности филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ» в конкурентную среду обсудили в ходе информационного дня в формате «онлайн».

**Любовь РОВБА**

Участниками онлайн-заседания под председательством заместителя председателя правления по корпоративным вопросам и HR Серика Абденова стали первые руководители, заместители и директора департаментов крупных филиалов и дочерних организаций компании.

– По теме вывода непрофильных активов очень много возникает вопросов в коллективах. Прежде всего: зачем это делать? Если сегодня выводим, тогда почему в свое время создавались эти подразделения? Почему нельзя оставить как есть? И другие, – отметил в приветственном слове Серик Абденов.

Исторически рынок сервисных «вспомогательных» услуг в стране не был развит, добавил он. По этой причине крупные компании в своих структурах организовывали соответствующие подразделения для обеспечения своей деятельности необходимыми услугами. Спектр таких услуг очень широк, начиная от ежегодного медицинского осмотра, уборки, обслуживания зданий, территорий, до обеспечения как легковым автотранспортом, так и грузовыми машинами и спецтехникой и так далее. Организация и администрирование этих функций требовали дополнительных операционных и капитальных затрат. Поэтому и создавались такие службы в компаниях. И чем крупнее компания, тем крупнее были ее обслуживающие подразделения.

Однако в современных реалиях состояние рынка услуг кардинально изменилось: сегодня огромное количество предложений от специализированных организаций на оказание тех или иных услуг высокого качества. И в вопросах вывода непрофильных видов деятельности, сокращения капитальных и операционных затрат АО «НК «ҚТЖ» не является пионером. Это путь уже пройденный многими компаниями Казахстана.

– АО «НК «ҚТЖ» должно фокусироваться на развитии своей профильной деятельности – на железнодорожных перевозках грузов и пассажиров, а также управлении инфраструктурой. При этом на особом контроле руководства компании будет решение вопросов занятости и доходов каждого работника, участвующего в программе, – сказал Серик Абденов.

Мероприятие по выводу отдельных видов деятельности по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» в конкурентную среду направлено на повышение экономической эффективности и снижение издержек хозяйственной деятельности филиалов и дочерних организаций, снижение их потребности в инвестициях на развитие неосновных видов деятельности, а также повышение качества выполнения отдельных работ и услуг, которые передаются в конкурентную среду. Это позволит повысить доходность и эффективность компании.

В мировой практике аутсорсинг как способ организации производства давно признан средством повышения эффективности работы компаний. Выработка у компании аутсорсинговой стратегии является необходимым условием успешного развития конкурентного бизнеса и его адаптации к стремительно меняющимся рыночным условиям.

О проводимой работе в рамках мероприятия рассказал директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр трансформации бизнеса» Серик Кандыкбаев:

– При формировании вывода видов деятельностей в конкурентную среду руководствуемся несколькими принципами. Во-первых, он должен являться не основным для АО «НК «ҚТЖ». Во-вторых, компания должна получить финансово-экономическую эффективность от вывода. В-третьих, качество услуг должно как минимум сохраниться, как максимум – улучшиться. И последнее, реализация мероприятий не должна негативно влиять на исполнение тарифной сметы.

Созданной рабочей группой, членами которой являлись сотрудники структурных подразделений центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ», проведен анализ деятельности 15 филиалов и дочерних организаций компании. По итогам анализа и экспертной оценки сформирован базовый перечень видов деятельности, подлежащих выводу в конкурентную среду, и план-график. Завершение мероприятия планируется в 2021 году.

Так, перечень на 2020 год по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» включил 25 видов деятельности, при выводе которых применяются следующие подходы: осуществляется вывод в аутсорсинг, в том числе используя «закупочную категорийную стратегию», перевод работников на договор гражданско-правового характера (ГПХ) и реализовываются активы.

Согласно план-графику, до конца текущего года, планируется вывод в аутсорсинг таких видов деятельности, как «Услуги по организации багажных перевозок», «Экипировка пассажирских вагонов дизельным топливом (ГСМ)», «Услуги по перевозке почтовой корреспонденции», «Наружная и внутренняя уборка при техническом обслуживании пассажирских вагонов», «Ремонт и техническое обслуживание боковых и торцевых дверей в вагонах», «Уборка станционных путей и пристанционных территорий», «Услуги очистки и промывки грузовых вагонов», «Текущий отцепочный ремонт», «Услуги типографии».

Кроме того, используя «закупочную категорийную стратегию» , планируется вывод следующих видов: «Охрана объектов», «Содержание и обслуживание зданий и сооружений», «Сервисное обслуживание и ассенизаторская очистка биотуалетных комплексов».

Переведены на договор ГПХ будут работники, задействованные в видах деятельности «Выполнение художественных работ», «Обслуживание котельных», «Медицинское обслуживание», «Погрузка/выгрузка твердого топлива», «Деятельность библиотек», «Услуги по переводу и корректировке документов», «Деятельность секретарей-референтов».

Также до конца текущего года планируется рассмотреть вопрос реализации актива «Санаторий имени Сакена Сейфуллина» и передачи в доверительное управление филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта».

Услуга по обеспечению автотранспортом будет выведена в 2021 году.

Резюмируя свое выступление, Серик Кандыкбаев отметил, что, реализовав запланированные мероприятия, компания обеспечит улучшение показателей эффективности и будет ориентирована на решение более стратегических задач по основным видам деятельности.

В ходе онлайн-встречи также акцентировали внимание на реструктуризации трудовых ресурсов. О комплексе системных мер в отношении персонала в части изменения или прекращения трудовых отношений, с обеспечением занятости или экономически обоснованными для работников и компании компенсациями, рассказал управляющий директор – директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» Сергей Хо.

